



Бекітілді:

«Алтын бесік I» бөбекжай балабақшасының
ЖШ/ТОО
неңгерушісі: *Бейсебаева А.Т.* Бейсебаева А.Т.

Ертеңгілік:

«Берекелі алтын күз»

I кіші «Назерке» тобы
Тәрбиеші: Бейсебаева А.Т.

Берекелі Алтын күз

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерінің айырмашылығы барын түсіндіру. Олардың әрқайсысы өз қызығымен ерекше. Күз айларының халыққа молшылық әкелетінін қуаныш сыйлайтынын жеткізу. Табиғатты сүюуге тәрбиелеу. Өнерге қызығушылықтарын дамыту, сөздік қорларын байыту. Балалар әдемі сазды әуенмен кіріп орналасады.

Тәрбиеші: Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын жүз.
Мол өнімді ісімен,
Таңдандырып халқын күз.

Армысыздар, ағайын, Сәлеметсіздер ме, қадірлі қонақтар! Бүгінгі «Назерке» тобының дайындаған «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Сіздерге әрқашан осы күз мезгіліндегідей молшылық тілейміз! Ал балалар, берекелі де ырысты алтын күз құрметіне арналған мерекемізді бастаймыз.

Ән «Алтын күз»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Балалар, тыңдандаршы, бұл не шу? (Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді. Қолында жеміске толы себет, үсті толы сары жапырақ, басында жеміс тағылған әдемі бас киім. Қасында көкөністер бар.

Нүрислам: Мен-алмамын, алмамын
Таңдай татар бал дәмім.
Мына тәтті бал-дәмді
Дастарханға арнадым.

Ішжу: Мен-шиемін, шиемін
Күннің көзін сүйемін.
Қышқыл шырын менде бар,
Төмен басты иемін.

Назиғат: Жапырақта тасалап:
Өскен жері бақша-бақ.
Күрең қызыл шіркін-ай,
Менің атым құлпынай.

Нүрислам: Жүгері-жүгері сен келдің,
Өзіңмен бақыт әкелдің.
Сені көрген адамдар,
Бас салып жей береді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме балалар!
Балалар: Сәлеметсіз бе!

Күз ханшайымы: Уа, халайық, дархан далам армысын.
Табиғатым, жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақшы боп бар халқымның алғысын.

Мен – Күз ханшайымымын, сіздерді көргеніме қуаныштымын.

Күз ханшайымы: Мен өзіммен бірге ойын алып келдім. Кәне ойын ойнауға қалай қарайсыздар балалар.

Ойын: «Сен білесің бе?»

Би: «Жемістер»

Тәрбиеші: Күз ханшайымы, балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: Иә балалардың өнері ұнады. Жарайсыңдар, балалар!

Тәрбиеші: Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға.
Шақырады біздерді.

(Осы кезде әуен ойналып Шалқан ертегісі басталады.)

Тәрбиеші: Ерте, ерте, ертеде. Бір кемпір мен шал өмір сүріпті. Олар үй шаруашылығымен айналысыпты. Ата есіктің алдына шалқан егіпті. Күндердің бір күнінде шалқан күнің ыстық сәулесімен үлкен болып өсіпті. Осы кезде Атай шалқанға тамсанып қарайды.

Тәрбиеші: Осылай ата енбегіне қуанып шалқанды тартпақшы болады. Әрі тартады, бері тартады шалқанды жұла алмайды. Сөйтіп көмекке кемпірін шақырады.

Ата: Кемпірім, кемпірім, келші қарашы шалқанымыз үлкен болып өсіпті, жалғыз өзім тарта алмай қалдым. Кел екеуміз бірге тартайық.

Тәрбиеші: Осылайша атаның артынан ұстап әрі тартады. Бірақ шалқанды орынан қозғалта алмайды. Кемпір қызың көмекке шақырады.

Кемпір: Қызым, қызым, бізге көмекке келші. Атаң екен шалқанды жұла алмай жатырмыз.

Тәрбиеші: қыз көмекке келіп, шалқанды рет ретімен тартады. Бірақ күштері жетпейді. Сонымен көмекке итін шақырады.

Қыз: Ақтөс, ақтөс, көмекке келші.

Тәрбиеші: Ит қыздың етегінен, қыз кемпірдің етегінен, кемпір шалдаң, шал шалқаннан ұстап ары тартады, бері тартады, бірақ шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке ит мысықты шақырады.

Ит: мысық, мысық бізге көмекке келші, атам екен шалқанды жұла алмай жатырмыз.

Енді мысық көмекке тышқанды шақырады.

Олар, тарта, тарта шалқанды суырып алады.

Күз ханшайымы: Рахмет, балалар! Міне, меңін сыйлығым бір себет күз сыйы. Сендерге денсаулық және шаттық әкелсін!

Тәрбиеші: Күз ханшайымы, саған мың алғыс. Бүгінгі сыйлығына рахмет. Бізге жыл айналып тағы келіңіз, біз сізді сағына күтеміз. Балалар, күз сыйлығын топқа барғасын бөлісеміз.

Осы кезде әуен ойналып Күз ханшайымы қоштасып, шығып кетеді.

Тәрбиеші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін, көп еңбек ету керек. Сондықтан сіздер еңбекшіл, болуларыңыз қажет. Бүгінгі күз мерекесін жақсы тойладық. Әр отбасына бақ, береке әкелсін! Осымен «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды, сау болыңыздар!



